

Б.У. Маликов

*С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы*

БАТЫС-СІБІР ЖӘНЕ ДАЛА ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫНДА БОЛЫСТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРЫЛУ ҮДЕРІСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада XIXғ.– XXғ. басындағы отаршыл Ресей империясының Қазақ даласында жүргізген әкімшілік саяси басқару жүйесіндегі реформалардың болыстар институтының құрылу принципіне тигізген әсері қарастырылады. Сонымен қатар «болыстық сұлтан» мен «болыстық билеушілердің» сайлану ережесі мен олардың қазақ тарихында алатын орнына үлкен мән беріліп, салыстырмалы сараптама жасалады. Батыс Сібір генерал-губернаторлығы мен Дала генерал-губернаторлығының құрамына кірген болыстар бойынша толық, нақты мәліметтер келтіріледі. Қарастырылып отырған кезеңдерге қатысты округ құрамындағы болыстар мен уезд құрамындағы болыстардың сандық, сапалық ерекшеліктеріне тарихи салыстыру жасалады. Әсіресе, болыс атауларларының алғашында ру-тайпа аттарымен тығыз байланысты болып, кейіннен жер-су аттарына байланысты атала бастағандығына үлкен мән беріледі. Сондай-ақ, мақалада болыстық сұлтандар мен болыстық билеушілер кезеңдерінің отаршыл империя құрамындағы қазақ тарихының ажырамас бір бөлігі екендігі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: *Ресей империясы, отаршылдық, Қазақ даласы, Батыс Сібір, Дала облыстары, генерал-губернатор, болыс, болыстық сұлтан, болыстық билеуші.*

Қазақ даласында болыстар институтының құрылуы отаршыл Ресей империясының жүргізген жүйелі отарлау саясатының бір көрінісі болып табылады. Болыстық билеушілер қазақ қоғамында әкімшілік, шаруашылық және реттеушілік міндеттер атқаратын жергілік ұлт өкілдерінің ішінен сайланатын ең жоғары билік сатысы. Ресей империясының қазақ деріндегі әкімшілік саяси билігі Қазақстандық тарихнамада жақсы қарастырылған, оған дәдел С. Зимановтың, Г. Сұлтанғалиеваның, Б. Абдрахманованың, К. Жиренчиннің және С. Сейфулмаликовалардың еңбектері болып табылады. Бірақ аталған авторлардың еңбектерінде XIX ғасырдағы реформалардың жалпы сипаттамасы беріліп, болыстардың құрылуының ерекшеліктері қарастырылмайды. Болыстық билеушілердің қызметтік міндеттері, сайлану жүйесі т.б. Соңғы жылдарда болыстар институты жөнінде көптеген ғылыми мақалалар жарияланды. Солардың қатарында Т.Т. Далаеваның «Организация волостей системы управления в Казахской степи в контексте административной политики Российской империи в XIX веке» атты ғылыми мақаласында 1831ж. және 1841ж. Қазақ даласында құрылған болыстардың саны мен құрамына жан-жақты тоқталып кетеді [1, 213-216 бб.].

К.Г. Калиеваның «Влияние особенностей управления чиновничества в лице волостных управителей и аульных старшин на их социальный статус» атты ғылыми мақаласында болыстық билеушілердің сайлану ережелері мен халық арасындағы қарым-қатынастары баяндалады [2, 78 б.].

Ф.А. Щербинаның басшылығымен ұйымдастырылған «Материалы по киргизскому землепользованию» атты Дала облыстарын зерттеуге арналған экспедиция материалдарында да тақырыбымызға қатысты нақты деректер бар. Автор өз еңбегінде Ақмола, Семей және Торғай облыстарындағы уездер мен балыстарға кеңінен сипаттама береді. Сонымен қатар болыстардың орналасуы мен әкімшілік территориялық жер бөлінуіне байланысты туындаған өзекті мәселелерді көтереді [3, 294-297 бб.].

Аталмыш мәселе бойынша арнайы жұмыс жазылып, салыстырмалы сараптамалық зерттеу жасалмаған, тек жекелеген болыстар мен болыстық билеушілер бойынша жазылған еңбектер бар.

Отандық тарих ғылымындағы тарихнамалық ахуал, мені Батыс Сібір генерал-губернаторлығы қазақтарының территориясында, әртүрлі хронологиялық уақыттарда орналасқан болыстар институтына салыстырмалы сараптама жүргізуге итермеледі. Болыстық басқару жүйесі Қазақ даласында 1822 жылы пайда болды. «Сібір қазақтары туралы жарғыға» (1822ж.) сәйкес Ресеймен шекаралас және шекараға таяу орналасқан Орта жүз қазақтарының қоныстары ауыл, болыс және округке бөлінді. Бір округтың құрамына 15-20 болыс кірді. [4, 43 б.] «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» (1868ж.) бойынша қазақ даласында жаңа әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп, облыс, уезд, болыс және ауыл болып бөлінді. Қазақстанның батыс, солтүстік, шығыс аймақтарында жаппай болыстар құрылып, уақытша ережеге сәйкес әр болыста халық саны 1000-2000 түтінге дейін жетті. [5, 12 б.] Енгізілген әкімшілік органдар қазақ даласындағы дәстүрлі басқару жүйесін қиратып, ғасырлар бойы қалыптасқан әкімшілік билік иерархиясын ығыстырып шығара бастады.

Осы мәселеге байланысты, болыстар жүйесі құрылуының екі этапын қарастырамыз: біріншісі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Болыстық сұлтандар, екіншісі XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына дейінгі аралығында өмір сүрген болыстық билеушілер. Қарастырылатын екі кезең болыстарының арасындағы ортақ тұстарын немесе ерекшеліктерді анықтап, тарихи баға беруге

тырысамыз.Салыстыруға империя билігінің заңнамалық құжаты 1822 жылғы Сібір қазақтарының жарғысы мен 1868 жылғы Уақытша ереже, 1891жылғы Дала облыстарын басқару жөніндегі ереже негіз болады [6, 12 б].

Болыстық сұлтан мен болыстық билеушілерге қойылатын Ресей империясы тарапынан талаптардың өзгеруі әкімшілік басқару жүйесінде де үлкен өзгерістер алып келді. 1822 жығы жарғыға сәйкес Болыстық сұлтан болып сайлану үшін ең бірінші критерий төре тұқымынан яғни Шыңғыс ұрпағы болу міндетті болса, тек болыстық билеуші болып сайлану үшін ол критерий ескерілмей,1868 жылғы Уақытша ережеге сай 25 жасқа толған, халық алдында құрметті, халық сеніміне ие және сотталмаған кез-келген адам сайлана алды[5, 12 б.].

Сібір қазақтары туралы жарғының « Болыстық басқарама» деп аталатын екінші бөлімі сұлтандар туралы баптармен ашылады. Болыс сұлтаны өз қалауымен яғни өз жақын туысы немесе өз ұлын бірдей көмекші етіп алуға құқылы болды. Болыс сұлтандардың соңында мұрагері болмай қалған жағдайда халықтың көпшілік дауысымен өзге сұлтан тағайындалатын болды. Болыс сұлтандары он екі кластық шеніндегі шенеунік болып есептелінді[7, 72 б.].Сондықтан , соттау ісі мен жазалау үкімін шығаруда ешқандай құқы болған жоқ . Бір сөзбен айтқанда бұл істерде патша әкімшілігі сұлтандарды өзінің шабарман қолшоқпарына айналдыруды мақсат тұтқаны көрініп тұр . Жарғыда сұлтандар округтық приказға ел ішіндегі дау-жанжалды дер кезінде жеткізіп тұруға және приказдан әскери көмек сұрауға міндетті деп жазылды . Басқаша айтқанда , кейбір сұлтандар шынында патшалық әкімшіліктің «көзі» мен « құлағы» іспетпес еді.

Болыстық сұлтандарға жарғы бойынша жергілікті басқару органының бір сатысы ретінде империялық қазынадан жалақы төленіп отырды. Бұдан біз болыстық сұлтандаға патша үкіметі ерекше назар аударып, отарлау саясатының алғашқы кезеңдерінде оларға шенеунік деңгейінде мүмкіндіктер мен құқықтар бергенін байқаймыз. Дегенмен, болыстық сұлтандардың сайлануы мен мұрагерлік арқылы биліктің берілуіне байланысты «Казахские чиновники на службе Россиской империи» атты құжаттар мен материалдар жинағында Батыс Сібір генерал-губернаторының 1860 жылы 9-наурызда императорға жазған ұсынысы көрсетілген «...должность волостного управителя по закону непременно соединена с званием или по крайней мере родоприсхождением султанским. Между тем на деле, применение этого закона часто бывает весьма затруднительно, а иногда и совершенно невозможно;так как очень часто случается, что в некоторых волостях вовсе нет султанов, других же хотя есть,но лица эти оказываются или неспособными к управлению волостями...»[8, 48 б.].Аталмыш құжаттан көретініміз болыстық сұлтандарды бекіту барысында кешенді қиыншылықтардың орын алып, талапқа сәйкес шені немесе шығу тегіне қатысты мәселелердің күрделелігін атап көрсетеді.

Осыған байланысты Батыс Сібір генерал-губернаторы «Принимая в соображение, что эти обстоятельства указывают на необходимость изменения вышеприведенных статей закона, я покорнейше прошу ваше превосходительство предложить этот вопрос на обсуждение Областного совета, в котором составит проект новых правил избрания волостных управителей; » әкімшілік-саяси басқару жүйесінде өзгерістер енгізу қажеттігін баяндайды[8, 48 б.].

Арада 8 жылдай уақыт өткесін,1868 жылғы «Орал,Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша болыстық билеушілерге «жергілікті басқару» статусынан айырып оның орнына «қоғамдық басқару» статусын беріп, енді жалақы империя қазынасынан емес, түтін салығынан түскен қаражаттан ғана берілетін болды.

Болыстардың негізгі атқарған міндеттеріне: түтін салығын жинау, көшіп - қону үдерісінің ұйымдастырылуы мен маршрутын анықтау, әкімшілік билік тарапынан тапсырмаларды орындау т.б. кірді. Болыстық сұлтан мен болыстық билеушінің атқарған қызметтерінде айтарлықтай үлкен айырмашылық болмады.

Болыстардың құрылуындағы негізгі принцип 1822 жылғы Сібір қазақтарының жарғысында ру тайпалық ерекшелік ескеріліп, бір немесе бірнеше рулардан құралатын болса, 1868 жылғы «Орал,Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша бұл қағидағы мән берілмей аймақтық территориялық принцип басшылыққа алынды [9, 12 б.].

1822-1868жж. Батыс Сібір ведомствасының территориясындағы және 1868-1902 жж. арсындағы Ақмола мен Семей облыстарының территориясындағы болыстардың сандық құрамы жөніндегі анықталған материалдарды жүйелендіруге тырыстым.

Кесте 1

Батыс Сібір генерал-губернаторы (1841ж.)		Дала генерал-губернаторы (1902)		
Округ	Болыс	Облыс	Уезд	Болыс
Ақмола	12	Ақмола	Ақмола	17
Аягөз	28		Атбасар	12
Көкшетау	20(1831ж.),13		Көкшетау	8
Үшбұлақ	15		Омбы	5
Баянауыл	12	Семей	Зайсан	16

Қарқаралы	20(1831ж.),17	Қарқаралы	14
Көкбекті	10(1844ж.)	Павлодар	16
Аманқарағай	10	Семей	18
		Өскемен	13
Барлығы	117		127

1-кестеде көріп отырғанымыздай Қазақ даласында 1841ж. мен 1902ж. құрылған болыстардың санында үлкен айырмашылықты байқаймыз. [10, 294-297 бб.]Ресей империясы XIX ғасырдың басы мен XX ғасырға дейін өзінің отарлау саясатын күшейтіп, қазақ жеріндегі өз билігін кеңейтіп отырған. Қызығушылық туғызатын тағы бір мәселе, ол болыстардың атауларының 80 жылдың ішінде өзгеруі болып табылады. 1822-1868 жылдар арасындағы болыстардың атаулары, 1868 жылғы реформадан кейін атаулармен салыстырғанда елеулі өзгерістерге ұшырай бастады.

Кесте 2

	1841жылғы болыстардың атаулары	1902 жылғы болыстардың атаулары
№	Қарқаралы округі	Қарқаралы уезі
1	Дюсенбай Чекчековская	Кзылтавская
2	Кара-Айтимбетовская	Нуринаская
3	Карауыл Камбаровская	Берккаринская
4	Надан Тобуклинская	Аксаринская
5	Тюленгутовская	Кентская
6	Киреевская	Токраунская
7	Тараклинская	Темирчинская
8	Кучумовская	Абралинская
9	Ялыкбашевская	Борлинская
10	Байбуринская	Дегеленская
11	Айбике Чанчаровская	Акботинская
12	Нұрбике Чанчаровская	Эдринская
13	Қуянчи Тягаевская	Кувская
14	Карсон Киреевская	Сартавская
15	Алтыке Сарымовская	
16	Мамбетей Тобуклинская	
17	Кучук Тобуклинская	
	Ақмола округі	Ақмола уезі
1	Инеле Тунгатаровская	Акмолинская
2	Кареке Алтаевская	Еременская
3	Муюн Алтаевская	Коржункульская
4	Теналы карпыкавская	Кызылтопракская
5	Айтхожа Карпыковская	Мончактинская
6	Алысай Алтаевская	Нуринаская
7	Темешевские	Ишимская
8	Байдалы Алтаевская	Джиландинская
9	Кыргыз Туртугульской	Спасская
10		Черубай-Нуринаская
11		Карагачская
12		Нельдинская
13		Ортавская
14		Актавская
15		Атасуйская
16		Мунглинская
17		Соранская

2-кестеде көрсетілгендей Ақмола округі мен Ақмола уезін, Қарқаралы округі мен Қарқаралы уезін салыстыратын болсақ, мынадай өзгерістерді байқаймыз. Біріншіден болыстардың саны мен құрамының өзгеруі, екіншіден округ құрамындағы болыстардың атаулары адам есімдері мен ру атауларына негізделсе, уезд құрамындағы болыстардың атаулары жер-су аттарына басымдылықпен аталған [1, 213-216 бб.]. Ресей отаршыларының мақсаттарының бірі жергілікті болыс атауларындағы ру-тайпа аттарын өзгерту арқылы халық жадындағы сақталып келген туыстық қарым-қатынас пен ауызбіршілікті жою болды.

Қорытындылай келе 1822 жылғы, 1868 жылғы және 1891 әкімшілік саяси реформалар қазақ даласындағы дәстүрлі басқару жүйесіне үлкен өзгерістер алып келді. Ресей империясы әрбір реформа сайын отарлау саясатын күшейтіп, жергілікті ұлт өкілдеріне ең төменгі билік сатыларын ғана қалдырғандығын аңғару қиын емес. Ең бастысы халықты шын мәнінде өзін-өзі басқару құқығынан айырып, аянышты күйге түсірді. ХІХ мен ХХ ғғ. басында жүргізілген Ресей империясының отаршыл саясатын жүзеге асыруда, болыстардың рөлі ерекше болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Далаева Т.Т. Организация волостей системы управления в Казахской степи в контексте административной политики Российской империи в XIX веке // Материалы Международной научно-теоретической конференции «Теоретико-методологические подходы и проблемы изучения традиционных цивилизаций Центральной Азии». - Алматы: 2015. - С. 209-218.
- 2 Калиева К.Г. Влияние особенностей управления чиновничества в лице волостных управителей и аульных старшин на их социальный статус // Вестник КарГУ., серия История. Философия. - Караганда: 2010. - 140 с.
- 3 Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей Семипалатинская область, Каркаралинский уезд. Том VI-й. - СПб.: 1905. - 1150 с.
- 4 Абдрахманова Б.М. История Казахстана: Власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. - Астана: Елорда, 1998. - 135 с.
- 5 Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской. - СПб.: Министерства внутренних дел, 1883. - 50 с.
- 6 Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX - начале XX веков. - Алматы: 1996. - 352 с.
- 7 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. - Алма-Ата: Изд-во АН. Каз ССР, 1960. - 295 с.
- 8 Г.С. Султангаалиева, сост. Г.С. Султангаалиева, Т.Т. Далаева, С.К. Удербаетова Казахские чиновники на службе Российской империи: сборник документов и материалов. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 418 с.
- 9 Положение о управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской и Тургайской. Том II, 1892г., Санкт-Петербург.
- 10 Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей Акмолинская область, Акмолинский уезд. Том III-й, часть 1-ая. - СПб.: Типография «Т-ва Художественной Печати», 1907. - 766 с.

Б.У. Маликов

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРОЦЕССА ФОРМИРОВАНИЯ ВОЛОСТНОЙ СИСТЕМЫ ЗАПАДНО-СИБИРСКОЙ И СТЕПНОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА

Резюме: В данной статье рассматривается влияние административных реформ на формирование института волостных, проводимых Российской империей в Казахской степи в XIX-начало XX вв. Также проводится сравнительный анализ принципов назначения «волостных султанов» и «волостных правителей» в разные хронологические периоды через анализ законодательных положений, а именно «Устава о сибирских казаках» и «Временного положения об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской областей», «Степное Положение». Приводятся точные и полные данные окружных и уездных волостей, которые входили в состав Западно-Сибирского и Степного генерал-губернаторства. Большое значение придается тому факту, что наименование волостей в 20-60-е годы XIX в. отражало название родов и племен, а со второй половины XIX в. происходит изменение топонимической системы и оно связано с наименованиями географических объектов местности. А также в статье автор показывает, что период волостных султанов и волостных управителей является важной частью истории Казахской степи в составе Империи.

Ключевые слова: Российская империя, Казахская степь, Западно-сибирское и Степное генерал-губернаторство, волость, волостной султан, волостной управитель.

B.U. Malikov

**COMPARATIVE ANALYSIS OF THE FORMATION PROCESS OF THE VOLOST SYSTEM OF THE WEST
SIBERIAN AND STEPPE GOVERNOR-GENERALS**

Resume: In this article consider the influence of administrative reform on volost's Institute conducted by the Russian Empire in the Kazakh steppe in the nineteenth and early twentieth century's. Also, a comparative analysis of legislative documents of Russian authority reveal the differences of appointment on post "volost sultans" and "volost governor" . We present accurate and complete data of volost, which were part of the West Siberian and Steppe governor-generalship. We give historical analysis of the quantitative and qualitative aspects of the district and county volosts in that period. We pay attention to the fact that the denomination of the volost was related in the 20-60 year of 19-th century with the title of clans and tribes, then, in second half of 19-th c. with geographical places names. Also, the author shows that the period of volost sultans and volost governor is the significant part of the Kazakh Steppe in the Empire.

Keywords: Russian empire, Kazakh steppe, West Siberia, Steppe region, Governor-Generalship, volost, volost sultan, volost governor